

Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/66 бұйрығы.
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылды 29 шілдеде № 11781 болып тіркелді

«Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-қызметтүшілдегі жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекші ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан

А. Мамытбеков

Республикасы

А. Мамытбеков

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан

Республикасы

Инвестициялар және

даму

министрі

Исекешев

— — — — —

2015 жылғы « »

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2015 жылғы « »

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы « »

Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Осы әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптар (бұдан әрі - Фитосанитариялық талаптар) «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандары Заңының 7-бабының 1-тармағына 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және өсімдік карантинің қамтамасыз ету мақсатында карантинге жатқызылған өнімге (дәнді, дәнді-бүршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өңдеу, отырғызу немесе тұқымдық материалдарға, азық-түліктік және (немесе) техникалық мақсаттарға арналған жемістерге, көкөністерге және картопқа, тірі гүлдер мен қыш құмыра өсімдіктері кесінділеріне, ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін кенелерге, жұмырқұрттарға және тірі жәндіктерге, ағаш, бұып-түйеу және бекітпе материалдарына), оның ішінде оның орамасына, заласыздандыруға және тасымалдауға қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Карантинге жатқызылған өнімнің түрі Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасына сәйкес индентификацияланады.

3. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін карантинге жатқызылған өнім «Өсімдіктер карантині туралы» Заңының 7-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес бекітілген оларға қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлер тізбесінде (бұдан әрі - Карантиндік объектілер тізбесі) көрсетілген карантиндік объектілерден бос болуы тиіс.

4. Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған өнім әкелуді жүзеге асыратын елдер тізімі осы Фитосанитариялық талаптардың қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Қазақстан Республикасының аумағына осы Фитосанитариялық талаптардың қосымшасына енгізілмеген елден карантинге жатқызылған өнім әкелінген жағдайда өнім иесі карантинге жатқызылған өнімді осы Фитосанитариялық талаптарға сәйкес келтіруді қамтамасыз етеді.

2. Дәнді, дәнді-бүршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өңдеу өнімдеріне қойылатын фитосанитариялық талаптар

5. Әкелінген дәнді, дәнді-бүршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар:

1) үн мен жармаларды қоспағанда, қайта өңдеу мен (немесе) сақтауға жіберіледі;

2) бидайдың үнді қара күйесі анықталған кезде кері қайтарылуға немесе жойылуға жатады;

3) карантиндік объектілер анықталған кезде иесінің таңдауы бойынша залалсыздандыруға немесе жоюға, ал иесі одан бас тартқан немесе оларды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда қайтарылуға жатады.

6. Қазақстан Республикасының аумағына азық-түліктік, жемдік және техникалық мақсаттарға әкелінген дәнді, дәнді-бүршақты, майлы дақылдарды тұқымдық мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады.

7. Дәнді, дәнді-бүршақты дақылдардың қалдықтары:

1) тұқымның тіршілік қабілетін жоюды қамтамасыз ететін технология бойынша қайта өңделеді немесе жойылады;

2) шаруашылық құндылығы жоқтар – түсіру, сақтау немесе қайта өңдеу орындарында өртеу әдісімен жойылуға жатады.

8. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өндеу өнімдерін олардың төгіліп-шашылуын болдырмау шараларын қамтамасыз ете отырып, кеме трюмдерінде, контейнерлерде, вагондарда тасымалдауға жол беріледі.

Сақтауды жүзеге асыратын кәсіпорындардан қайта өндеу кәсіпорындарына дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдарды автомобиль көлігімен тұтас металл ыдыстарда, оның ішінде контейнерлерде тасымалдауға жол беріледі.

9. Дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдарды ыдысқа салынған күйде Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде ыдыс газ өткізетін болуы тиіс.

10. Дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өндеу өнімдерін кеме трюмдерінен түсіру кезінде су бетіне шашылуды болдырмайтын техникалық құралдар пайдаланылады.

Дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өндеу өнімдерін көлік құралдарынан тек қатты жабыны бар (бетон, асфальт) алаңқайларға түсіруге жол беріледі.

Капр қоңызы тараған елдерден шыққан кермекті жеткізу пункттерінде көлік құралдарынан түсіріп алуға көлік құралдарын өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды және міндettі түрде залалсыздандыруды жүргізгеннен кейін рұқсат етіледі.

Вагондарды түсіру алаңдары шегінен шығаруға вагондардың сыртқы беттерін қоса алғанда, оларды астықтан және (немесе) оны қайта өндеу өнімдерінен толық тазартқан жағдайда жол беріледі .

11. Түсіру алаңдарында және теміржол жолдарында пайда болатын дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өндеу өнімдері шашырандыларын құнде алыстатып, тазарту қажет.

12. Дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өндеу өнімдерін сақтау, тасымалдау, қайта өндеу үшін пайдаланылған көлік құралдары, ыдыстар, қойма үй-жайлары және жабдықтар қалдықтарды жоя отырып тазартылуға, ал қажет болған жағдайда залалсыздандырылуға жатады.

13. Жылына бір реттен кем емес залалсыздандыруға жататын дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар қойма үй-жайларына сақтауға және қайта өндеуге келіп түседі.

3. Отырғызу немесе тұқымдық материалдарға қойылатын фитосанитариялық талаптар

14. Отырғызу немесе тұқымдық материалдарда:

1) экспорттауши елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитарлық сертификаты;

2) өнімнің атаяу, шыққан елі, экспорттауши және (немесе) кері экспорттауши, өндірілген орны және (немесе) учаскесі туралы ақпараты бар таңбасы;

3) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау ресімі аяқталғанға дейін бастапқы орамасы болуы тиіс.

15. Зертханалық сараптама нәтижелерін алғанға дейін отырғызу немесе тұқымдық материалды пайдалануға тыйым салынады. Зертханалық сараптама аяқталғанға дейін отырғызу немесе тұқымдық материал карантиндік объектілердің таралуын болдырмайтын жағдайларда үсталуы тиіс.

16. Олардың иелерінің өтініштері бойынша ерекше ғылыми немесе басқа да құндылықтары бар үлгілерді қоспағанда, зертханалық сараптамадан өткен үлгілер өнімнің иесіне немесе оның өкіліне қайтарылмайды.

17. Тұқымдық картоп партиялары жаңа ыдыста оралған болуы тиіс.

18. Құмырадағы өсімдіктердің отырғызу материалдары және (немесе) тамыр жүйесі жабық өсімдіктер Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілерден бос қоректік субстратта әкелінуі тиіс.

19. Тамыр айналасында топырақ бар өсімдіктерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге тыйым салынады.

20. Әкелінетін әсемдік, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің (булдіргеннен басқа) отырғызу

материалы қалыпты жай-күйде, жапырақсыз, гүлсіз және жеміссіз болуы тиіс.

21. Караптандырған объектілер анықталған отырғызу немесе тұқымдық материал партиялары иесінің қалауы бойынша залалсыздандырылуға немесе жойылуға, ал иесі бас тартқан немесе оларды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда – қайтарылуға жатады. Бұл ретте тек партияның залалданған бөлігі залалсыздандырылуы, қайтарылуы немесе жойылуы тиіс.

Караптандырған объектілермен залалданған, ерекше ғылыми немесе өзге де құндылығы бар отырғызу немесе тұқымдық материалы иесінің өтініші бойынша интродукциялық-караптандырған питомникке зерттеуге берілуі мүмкін. Караптандырған объектілермен залалдану жойылғаннан кейін отырғызу немесе тұқымдық материал иесіне қайтарылады.

22. Тұқымдық картоп Караптандырған объектілер тізбесіне енгізілген саңырауқұлақты, бактериялық, фитоплазмалық, вирустық және жұмырқұртты ауруларды қоздырғыштардан бос аймақтарда, орындарда және (немесе) участкерде өндірілген болуы тиіс, ол фитосанитариялық сертификаттың «Қосымша декларация» деген бөлімінде тиісті ақпаратпен расталуы тиіс.

23. Шекілдеуікті, сүйекті және жаңақ жемісті дақылдардың көштеттері, телітушілері және қалемшелері Караптандырған объектілер тізбесіне енгізілген өсімдік зиянкестерінен, саңырауқұлақтық, бактериялық, фитоплазмалық, вирустық және жұмырқұртты аурулар қоздырғыштарынан бос болуы және олардан бос аймақтарда, орындарда және (немесе) участкерде өсірілген болуы тиіс, ол фитосанитариялық сертификаттың «Қосымша декларация» деген бөлімінде тиісті ақпаратпен расталуы тиіс.

24. Импорттық отырғызу немесе тұқымдық материалмен жүргізілген егістер (отырғызуулар) жыл сайын тексерілуі тиіс. Бұл жұмыстарды орындауды өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың нұсқамалары бойынша жеке және занды тұлғалар қамтамасыз етеді.

25. Отырғызу немесе тұқымдық материалдарды тасымалдау төгілуді болдырмау шараларын қамтамасыз ете отырып, орамада жүзеге асырылады. Бұл ретте бір орамада әртүрлі отырғызу немесе тұқымдық материалдардың болуына жол берілмейді.

4. Азық-тұліктік және (немесе) техникалық мақсаттарға арналған жемістерге, көкөністерге және картопқа қойылатын фитосанитариялық талаптар

26. Жемістерде, көкөністерде және картопта:

1) өнімнің атауы, шыққан елі, экспорттаушы және (немесе) кері экспорттаушы, өндірілген орны және (немесе) участкесі туралы ақпараты бар таңбасы;

2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау рәсімі аяқталғанға дейін бастапқы орамасы болуы тиіс.

27. Егер партиядан ірікеп алынған жеміс, көкөніс және картоп үлгісінде (үлгілерінде) караптандырған объектілер анықталса, бұл партия иесінің қалауы бойынша залалсыздандырылуға немесе жойылуға, ал иесі залалсыздандырудан немесе жоюдан бас тартқан немесе оларды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда – қайтарылуға жатады. Бұл ретте тек партияның залалданған бөлігі залалсыздандырылуы, жойылуы немесе қайтарылуы тиіс.

28. Картоптағы және (немесе) өзге де түйнекжемісті және тамыржемісті көкөністегі топырақ қосындысы өнім салмағының 0,5 пайызынан аспауы тиіс.

29. Жемістерді, көкөністерді және картопты әкелген кезде өсімдік тектес материалдардан жасалған төсөнішті пайдалануға тыйым салынады.

30. Жемістерді, көкөністерді және картопты тасымалдау төгілуді болдырмау шараларын қамтамасыз ете отырып орамада жүзеге асырылады. Бұл ретте бір орамада әртүрлі жемістердің, көкөністердің болуына жол берілмейді.

5. Тірі гүлдер мен қыш құмыра өсімдіктері кесінділеріне, ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін кенелерге, жұмырқұрттарға және тірі жәндіктерге қойылатын фитосанитариялық талаптар

31. Тірі гүлдер мен қыш құмыра өсімдіктері кесінділерінде:

1) өнімнің атауы, шыққан елі, экспорттаушы және (немесе) кері экспорттаушы, өндірілген орны және (немесе) учаскесі туралы ақпараты бар таңбасы;

2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау рәсімі аяқталғанға дейін бастапқы орамасы болуы тиіс.

32. Карантиндік объектілермен залалданған тірі гүлдер және қыш құмыра өсімдіктері кесінділерінің партиясы иесінің қалауы бойынша залалсыздандырылуға немесе жойылуға, ал иесі одан бас тартқан немесе оларды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда – қайтарылуға жатады. Бұл ретте тек партияның залалданған бөлігі залалсыздандырылыу, жойылуы немесе қайтарылуы тиіс.

33. Хризантема (*Chrysanthemum*, *Dendranthemum*) өндірілетін аймақ, орын және (немесе) учаске хризантема аскохитозасы *Didymella ligulicola* (K.F. Baker, Dimock & Davis) von Arx қоздырғышынан және хризантеманың ақ татын *Ruccinia horiana* P. Henn. қоздырғышынан бос болуы тиіс, оны жөнелту алдындағы үш жыл ішінде жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша экспорттаушы елдің уәкілетті органы растауы тиіс. Бұл туралы фитосанитариялық сертификаттың «Қосымша декларация» деген бөліміне тиісті жазу жазылады.

34. Ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін кенелер, жұмырқұрттар және тірі жәндіктер картон жәшіктеге буып-түйілуі тиіс. Бұл ретте орама жолда жәндіктердің ұшып кету немесе жан-жаққа тарап кету мүмкіндігін болдырмауы және жәндіктердің дем алуына қажетті ауа баруын қамтамасыз етуі тиіс. Жолда жәндіктердің кукласынан немесе пупарилдерден ерте шығуын болдырмау үшін жіберілетін картон жәшіктің ішін пенопластпен айнала қыттайды және буып-түю материалы арасын жалпақ консерві банкалары түріндегі арнайы құрғақ химиялық тоңазытқыштармен бітеп тастайды.

35. Тірі гүлдер мен қыш құмыра өсімдіктерінің кесінділері орамада тасымалданады. Орамада әртүрлі тірі гүлдер кесінділерінің немесе бір қыш құмыра өсімдіктері шоғын әкелуге жол берілмейді.

36. Кенелерді, жұмырқұрттарды және тірі жәндіктерді дәнді, дәнді-бұршақты, жемдік, майлы, техникалық дақылдармен және оларды қайта өңдеу өнімдерімен; жемістермен, көкөністермен және картоппен; отырғызу немесе тұқымдық материалдармен, тірі гүлдер мен қыш құмыра өсімдіктерінің кесінділерімен, ағаш, буып-түйеу және бекіту материалдарымен тасымалдауға жол берілмейді.

6. Ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалдарына қойылатын фитосанитариялық талаптар

37. Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалы, оның ішінде жөнделген ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалының бөлшектері:

- 1) залалсыздандырылған;
- 2) таңбаланған;
- 3) қабығынан аршылған болуы тиіс.

38. Ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалының ылғалдылығы 20 пайыздан аспауы тиіс.

39. Таңба болмаған жағдайда ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалын фитосанитариялық сертификат болған кезде және өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нәтижелері бойынша әкелуге жол беріледі.

40. Залалсыздандыруға, қайтарылуға немесе жойылуға жататын ағаш, буып-түйеу және бекітпе материалы карантиндік объектілер анықталған сәттен бастап тиісті фитосанитариялық шаралар жүргізгенге дейін олардың таралуын болдырмайтын жағдайда сақталуы тиіс.

Әкелінетін карантинге
жатқызылған өнімге
қойылатын фитосанитариялық
талаптарға қосымша

**Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған
өнімді әкелу жүзеге асырылатын елдер тізбесі**

1. Австралия мен Океаниядан (Австралия, Вануату, Кука аралы, Микронезия, Жаңа Зеландия, Жаңа Папуа Гвинея, Америка Самоасы, Шығыс Самоа, Батыс Самоа, Соломон аралдары, Фиджи, Тонга, Француз Полинезиясы):

1) дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің тізбесі, тұқымдық және отырғызу материалы (Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды):

| P/H № | Атауы | Еуразиялық экономикалық одағының сиртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды |
|----------|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Жаңа піскен немесе кептірілген, қауызынан аршылған немесе аршылмаған, қабығымен немесе қабықсыз кокос жаңғақтары, бразилиялық жаңғақтар және кешью жаңғақтары | 0801 |
| 2. | Жаңа піскен немесе кептірілген, қауызынан аршылған немесе аршылмаған, қабығымен немесе қабықсыз басқа да жаңғақтар | 0802 |
| 3. | Күріш | 1006 |
| 4. | Қуырылмаған немесе басқа да тәсілдермен дайындалмаған, аршылған немесе аршылмаған, ұнтақталған немесе ұнтақталмаған жержанғақ | 1202 |
| 5. | Қара бидай | 1002 |
| 6. | Арпа | 1003 |
| 7. | Сұлы | 1004 |
| 8. | Жүгері | 1005 |
| 9. | Дәнді құмай | 1007 |
| 10. | Қарақұмық, тары және субидайықтың тұқымдары; өзге де дақылдар | 1008 |
| 11. | Бидай немесе қара бидай ұны | 1101 |
| 12. | Бидайдан немесе қара бидайдан басқа өзге де дақылдар дәндерінен алынған ұн | 1102 |
| 13. | Дақылдар дәндерінен алынған жарма, ірі тартылған ұн және түйіршіктер | 1103-тен |
| 14. | 1006 тауарлық позициядағы күрішті қоспағанда, басқа да тәсілдермен өнделген дақылдар дәні (мысалы, қауызынан аршылған, жанышталған, үлпектерге қайта өнделген, жарма түрінде түйілген немесе ұнтақталған); бүтін, үлпектер түрінде жанышталған немесе тартылған дақылдар дәнінің ұрықтары | 1104 |
| 15. | Майда және ірі тартылған ұн мен 0713 тауарлық позициядағы кептірілген бұршақ тұқымдас көкөністерден алынған ұнтақ | 1106 10 000 0 |
| 16. | Қуырылған немесе қуырылмаған мия | 1107 |
| 17. | Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған қытайбұршақ бұршақbastары | 1201 |
| 18. | Копра | 1203 00 000 0 |

| | | |
|-----|--|------------------------------------|
| 19. | Ұнтақталған немесе ұнтақталмалған зығыр тұқымдары | 1204 00 |
| 20. | Ұнтақталған немесе ұнтақталмалған рапс немесе кольза тұқымдары | 1205 |
| 21. | Ұнтақталған немесе ұнтақталмалған күнбағыс тұқымдары | 1206 00 |
| 22. | Ұнтақталған немесе ұнтақталмалған өзге де майлы дақылдардың тұқымдары мен жемістері | 1207 |
| 23. | Қыша тұқымдарынан басқа, майлы дақылдар тұқымдарынан немесе жемістерінен алынған майда немесе ірі тартылған ұн | 1208 |
| 24. | Егіске арналған тұқымдар, жемістер және споралар | 1209 |
| 25. | Өріктердің, шабдалылардың (оның ішінде нектариндер) немесе қара өріктердің сүйекшелері мен олардың дәндери; <i>Cichorium intybus sativum</i> түріндегі шашыратқының тамырлары | 1212 99 950 0-ден |
| 26. | Кофеинді немесе кофеинсіз қуырылмаған кофе | 0901 11 000-ден 0901 12 000-ден |
| 27. | Бүтін немесе ұнтақталған, шикі немесе қуырылған какао-бұршақтар | 1801 00 000 0 |
| 28. | Тұтынушылық орамаға өлшеніп салынғаннан басқа кофеинді қуырылған кофе | 0901 21 000-ден |
| 29. | Тұтынушылық орамаға өлшеніп салынғаннан басқа кофеинсіз қуырылған кофе | 0901 22 000-ден |
| 30. | Кофенің қауызы және кофе дәнінің қабықтары | 0901 90 100 0 |
| 31. | Егіске арналған будандық қант жүгеріci (<i>Zea mays var. saccharata</i>) | 0712 90 110 0 |
| 32. | Кептірілген, аршылған, тұқым қабығынан тазартылған немесе тазартылмаған, уатылған немесе уатылмаған бұршақ тұқымдас көкөністер | 0713 |
| 33. | Түйіршіктелмеген тарна, жапырақты қызылша (мангольд), азықтық тамыржемістілер, пішен, жоңышқа, беде, эспарцет, азықтық қырыққабат, бөрібұршақ, сиыржоңышқа және осыларға ұқсас азықтық өнімдер | 1214-тен |
| 34. | Дәнді дақылдардың түйіршік түріндегілерден басқа өндемелеген, ұсатылған немесе ұсатылмаған, тартылған немесе тартылмаған, нығыздалған сабаны мен топаны | 1213 00 000 0-ден |

Дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өңдеу өнімдері, тұқымдық және отырғызу материалы карантиндік объектілерінің тізбесі:

Зиянкестер (Insecta):

Ақ жиекті қоңыз - *pantomorus leucoloma* Boh., капр қоңызы - *trogoderma granarium* (Ev.), қытай дән қоңызы - *callosobruchus chinensis* L., төртнүктелі дән қоңызы - *callosobruchus maculates* F.

Өсімдік ауруларын қоздырғыштар (Fungi):

Оңтүстік жүгері гельминтоспориозы - *cochliobolus heterostrophus* Drech, құріштің бактериялы қүйігі - *xanthomonas oryzae* pv. *oryzae* (Ishiyama) Swings et al, бидайдың шырышты бактериозы - *clavibacter tritici* (Carls et Vidav) Davis, жүгері диплодиозы - *diplodia macrospora* Earle, жүгері диплодиозы - *diplodia frumenti* (Ellet Ev), құріштің жолақты дағы - *xanthomonas oryzae* pv. *oryzicola* (Fang et al) Swings et al.

Арамшөп өсімдіктері (арамшөптер) (Ruderais, herba):

Жусан жапырақты ойраншөп - *ambrosia artemisiifolia* (L.), көп жылдық ойраншөп - *ambrosia psilostachya* (D.C.), қолтықты аюбадана - *iva axillaries* Pursh, жатаған уекекіре - *acropitilon repens* (D.C.), тікенекті алқа - *solanum rostratum* Dun., салалы жапырақты алқа - *solanum elaeagnifolium* Cav, стригалар - *striga* sp. Sp, арам сояулар - *cuscuta* sp. sp, сирек гүлді

ценхрус – *cenchrus pauciflorus* Benth, түкті итошаған – *bidens pilosa* L.

2) жеміс, көкөніс, жеміс-жидек, картоп тізбесі (Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды):

| P/H № | Атауы | Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды |
|-------|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Жаңа піскен немесе тоқазытылған картоп | 0701 |
| 2. | Жаңа піскен немесе тоқазытылған қызанақтар | 0702 00 000 |
| 3. | Жаңа піскен немесе тоқазытылған басты пияз, шалот пиязы, сарымсақ, порей пиязы және басқа да пиязшық көкөністер | 0703 |
| 4. | Жаңа піскен немесе тоқазытылған қауданды қырыққабат, тұсті қырыққабат, колъраби, жапырақты қырыққабат және осыған үқсас <i>Brassica</i> текстес, жеуге жарамды көкөністер | 0704 |
| 5. | Жаңа піскен немесе тоқазытылған ақ сүттіген (<i>Lactuca sativa</i>) мен шашыратқы (<i>Cichorium spp.</i>) | 0705 |
| 6. | Жаңа піскен немесе тоқазытылған сәбіз, шалқан, ас қызылшасы, қойжелкек, тамырлы балдырықек, шалғам және басқа да осыған үқсас жеуге жарамды тамыржемістілер | 0706 |
| 7. | Жаңа піскен немесе тоқазытылған қиярлар мен корнишондар | 0707 00 |
| 8. | Аршылған немесе аршылмаған, жаңа піскен немесе тоқазытылған бүршак тұқымдас көкөністер | 0708 |
| 9. | Жаңа піскен немесе тоқазытылған басқа да көкөністер | 0709 |
| 10. | Кептірілген, аршылған, тұқым қабығынан тазартылған немесе тазартылмаған, уатылған немесе уатылмаған бүршак тұқымдас көкөністер | 0713 |
| 11. | Жаңа піскен немесе тоқазытылған, кептірілген, тұтас немесе тілімдерге кесілген маниок, маранта, салеп, жер алмұрты немесе топинамбур, тәтті картоп немесе батат және осыған үқсас құрамында крахмал немесе инулиннің мөлшері жоғары басқа да тамыржемістілер мен түйнек жемістілер; саго пальмасының өзегі | 0714-ден |
| 12. | Жаңа піскен немесе кептірілген плантайндарды қоса алғанда банандар | 0803 |
| 13. | Жаңа піскен немесе кептірілген құрма, інжір, ананас, авокадо, гуайява, манго және мангостан немесе гарциния | 0804 |
| 14. | Жаңа піскен немесе кептірілген цитрусты жемістер | 0805 |
| 15. | Жаңа піскен немесе кептірілген жүзім | 0806 |
| 16. | Жаңа піскен қауындар (қарбыздарды қоса алғанда) мен папайя | 0807 |
| 17. | Жаңа піскен алмалар, алмұрттар мен айва | 0808 |
| 18. | Жаңа піскен өріктер, шие мен қызыл шие, шабдалылар (нектариндерді қоса алғанда), қара өріктер мен шомырт | 0809 |
| 19. | Жаңа піскен басқа да жемістер | 0810 |

| | | |
|-----|--|--|
| 20. | 0801-0806 тауарлық позициялардағы жемістерден басқа кептірілген жемістер; жаңғақтардың немесе осы топтағы кептірілген жемістердің қоспасы | 0813 |
| 21. | Қант қызылшасы | 1212 91 |
| 22. | Кептірілген, бүтін, бөліктерге, тілімдерге кесілген, ұсатылған немесе ұнтақ түріндегі, бірақ одан арғы өңдеуге ұшырамаған басты пияз | 0712 20 000 0 |
| 23. | Түйіршіктелмеген тарна, жапырақты қызылша (мангольд), азықтық тамыржемістілер, пішен, жонышқа, беде, әспарчет, азықтық қырыққабат, бөрібұршақ, сиыржонышқа және осыларға ұқсас азықтық өнімдер | 1214-тен |
| 24. | Тұқымдарын қоса алғанда мүйізше ағаштың жемістері | 1212 99 410 0 - 1212 99 490 0 1212 92 000 0 |
| 25. | Кептірілген, бүтін, бөліктерге, тілімдерге кесілген, ұсатылған немесе ұнтақ түріндегі, бірақ одан арғы өңдеуге ұшырамаған өзге де көкөністер, көкөніс қоспалары | 0712 90 (0712 90 110 0-ден басқа) |
| 26. | Кептірілген, бүтін, бөліктерге, тілімдерге кесілген, ұсатылған немесе ұнтақ түріндегі, бірақ одан арғы өңдеуге ұшырамаған санырауқұлақтар | 0712 31 000 0 0712 32 000 0 0712 33 000 0 0712 39 000 0 |
| 27. | Емен жаңғақтары және ат талшын | 2308 00 400 0-ден |
| 28. | Түйіршіктелгеннен басқа тапиока | 1903 00 000 0-ден |

Жеміс, көкөніс, жеміс-жидек, картоп карантиндік объектілерінің тізбесі:

Зиянкестер (Insecta):

Азиялық мақта көбелегі – spodoptera litura Fabr, апельсин қалқаншалы сымыры – unaspis citri Comst., ақ жиекті қоныз – pantomorus leucoloma Boh., шығыс жемірі – grapholitha molesta (Busck.), калифорниялық қалқаншалы сымыр – quadraspidiotus perniciosus (Comst.), шығыс цитрус қалқаншалы сымыры – unaspis yanonensis Kuw., інжір балауыздың жалған қалқаншалы сымыры – ceroplastes rusci L., капр қонызы – trogoderma granarium (Ev.), картоп күйе көбелегі – phthorimaea operculella Zell., қытай дән қонызы – callosobruchus chinensis L., жерорта теңізі жеміс шыбыны – ceratitis capitata Wied., тұт ағашының қалқаншалы сымыры – Pseudaulacaspis pentagona (Targ.), филлоксера – viteus vitifoliae (Fitch), цитрустың үнгі күйе көбелегі – phyllocnistis citrella Stainton, цитрустың ақ ұнтақты сымыры – pseudococcus gahani Green., Комсток сымыры – pseudococcus comstocki Kuw., цитрус аққанаты – dialeurodes citri Riley., шығыс ақ ұнтақты сымыры – pseudococcus citriculus Green, беденің америкалық үнгі шыбыны – Liriomyza trifolii Burg et Comst (Burgess).

Өсімдік ауруларын қоздырғыштар (Fungi):

Жүзімнің алтын түстес болып сарғаюы – grapevine flavescentia doree phytoplasma, картоп ісігі – synchytrium endobioticum (Schilb.) Percival, жемісті ағаштардың бактериялы күйігі – erwinia amylovora (Burrill.) Winston et al.

Жұмырқұрт тұқымдастар (Nematoda):

Картоптың алтын түстес жұмырқұрты – globodera rostochiensis (Woll) M. et St., картоптың бозғылт түстес жұмырқұрты – globodera pallida (Stone) Mulvey et Stone.

Арамшөп өсімдіктері (aramshöpter) (Ruderales, herba):

Жусан жапырақты ойраншөп – ambrosia artemisiifolia (L.), көп жылдық ойраншөп – ambrosia psilostachya (D.C.), қолтықты аюбадана – iva axillaries Pursh, қызғылт горчак – acroptilon repens (D.C.), тікенекті алқа – solanum rostratum Dun., салалы жапырақты алқа – solanum elaeagnifolium Cav, стригалар – striga sp. Sp, арам сояулар – cuscusa sp. sp, сирек гүлді ценхрус – cenchrus pauciflorus Benth, түкті итошаған – bidens pilosa L.

3) тірі гүлдер кесінділері және қыш құмыра өсімдіктерінің тізбесі, ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін жәндіктер, нематодтар және тірі кенелер (Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды):

| P/H № | Атауы | Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды |
|-------|---|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Баданалар, түйнектер, түйнек тәріздес тамырлар, түйнекті баданалар, бұтақталғандарын қоса алғанда, вегетативтік тыныштық, вегетация немесе гүлдену күйіндегі тамыр сабактары, өсімдіктер және 1212 тауарлық позициядағы тамырлардан басқа тамырсабақтар | 0601 |
| 2. | Басқа да тірі өсімдіктер (олардың тамырларын қоса алғанда), қалемшелер және сұлама бұтақтар | 0602 (0602 90 100 0-ден басқа) |
| 3. | Гүл шоқтарын жасауға немесе сәндік мақсаттарға жарамды кесіп алынған гүлдер мен гүлшанақтар | 0603 11 000 0 - 0603 19 800 0 |
| 4. | Гүл шоқтарын жасауға немесе сәндік мақсаттарға жарамды кесіп алынған, кептірілген гүлдер мен гүлшанақтар | 0603 90 000 0-ден |
| 5. | Рождество мейрамына арналған ағаштар | 0604 20 200 0 |
| 6. | Қылқан жапырақты бұтақтар | 0604 20 400 0 |
| 7. | Өсімдіктердің гүлсіз және гүлшанақсыз жапырақтары, бұтақтары және басқа да бөліктері, гүл шоқтарын жасауға немесе сәндік мақсаттарға жарамды балғын, кептірілген, одан әрі өңдеуді қажет етпейтін шөптер | 0604 90 9100-ден 0604 90 9900-ден |
| 8. | Ғылыми-зерттеу мақсаттарына арналған тірі кенелер, нематодтар және жәндіктер | 0106 90 001 0-ден |

Тірі гүлдер кесінділері және қыш құмыра өсімдіктер карантиндік объектілерінің тізбесі:

Зиянкестер (Insecta):

Беденің америкалық үнгі шыбыны – *Liriomyza trifolii* Burg et Comst (Burgess).

Өсімдік ауруларын қоздырығыштар (Fungi):

Хризантема аскохитозы – *didymella chrysanthemi* (Tassi) Gar. et Gull., хризантеманың ақ таты – *puccinia horiana* P. Henn., таңкурайдың тамыр шірігі және бүлдіргеннің тамыр фитофторозы – *phytophthora fragariae* Hickman.

Арамшөп өсімдіктері (aramshöptter) (Ruderais, herba):

Жусан жапырақты ойраншөп – *ambrosia artemisiifolia* (L.), көп жылдық ойраншөп – *ambrosia psilostachya* (D.C.), қолтықты аюбадана – *iva axillaries* Pursh, жатаған укеқіре – *acropiton repens* (D.C.), тікенекті алқа – *solanum rostratum* Dun., салалы жапырақты алқа – *solanum elaeagnifolium* Cav, стригалар – *striga* sp. Sp, арам сояулар – *cuscuta* sp. sp, сирек гүлді ценхрус – *cenchrus pauciflorus* Benth, түкті итошаған – *bidens pilosa* L.

4) ағаш, орама және бекітпе материалдарының тізбесі (Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды):

| P/Н № | Атауы | Экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды |
|-------|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Беренелер, шөрелер, бұтақтар, шөпшек байламдары немесе осыларға үқсас түрлердегі отындық сүрек. Қылқан жапырақты тұқымдардың жоңқасы немесе жаңқасы. Жапырақты тұқымдардың сүрек жоңқасы немесе жаңқасы. Агломерацияланбаған үгінділер және сүрек қалдықтары мен сыйықтары | 4401 10 000 4401 21 000 0 4401 22 000 0 4401 39-дан |
| 2. | Қабығы алынған немесе алынбаған немесе үстіңгі қабатымен, ірі кесектелген немесе кесектелмеген ағаш материалдар | 4403-тен (4403 10 000-ден басқа) |
| 3 | Бөшкелік сүрек; жарылған беренелер; ағаштан жасалған, еткірленген, бірақ ұзына бойы кесілмеген қадалар, қазықтар және бағандар; таяқтарды, қолшатырларды, құрал-саймандардың немесе осыларға үқсас бұйымдардың саптарын өндіру үшін пайдаланылатын ірі жонылған, бірақ ұшталмаған, майыстырылмаған немесе басқа да тәсілмен өнделмеген ағаш материалдар; аршылған және осыған үқсас сүрек | 4404 |
| 4. | Сүрек қабығы | 1404 90 000 0-ден 4401 39 900 0-ден |
| 5. | Темір жол немесе трамвай жолдарына арналған сіндірілмеген ағаш шпалдар | 4406 10 000 0 |
| 6. | Ұзына бойы арамен кесілген немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбекен, тегістелген немесе тегістелмеген, ұштары жалғанған немесе жалғанбаған, қалыңдығы 6 мм-ден аспайтын ағаш материалдар | 4407 |
| 7. | Бояумен, улағыштармен, антисептикпен немесе басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа пішінделген ұзын тақтай түріндегі (қырлары, ойықтары бар, шпунтталған, қиысқан жіктері бар, жартылай дөңгелек калевка түріндегі қосылысы бар, фасонды, дөңгеленген немесе осыларға үқсас) кез келген жиек, ұш немесе тегістіктегі, сүргіленген немесе сүргіленбекен, тегістелген немесе тегістелмеген, ұштары жалғанған немесе жалғанбаған кесілген ағаш материалдар (еденде паркетпен жабуға арналған, жиналмаған жұқа тақтайшалар мен фриздерді қоса алғанда) | 4409-дан |
| 8. | Жеке тауар болып табылатын немесе жеке декларацияланатын сүректен жасалған жәшіктер, қораптар, буып-түйетін көтермелер немесе себеттер, барабандар және осыларға үқсас ыдыс, кабілді ағаш барабандар, палеттер, тұғырықтар және өзге де тиейтін ағаш қалқандар, ағаш ернеушелер | 4415-ден |
| 9. | Бояумен, улағыштармен, антисептикпен, және басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа бетондауға арналған қалып | 4418 40 000 0-ден |
| | Бояумен, улағыштармен, антисептикпен және басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа желімделген фанерге | |

| | | |
|-----|---|-------------------|
| 10. | немесе басқа да соған үкссас қабатты сүрекке қаптауға арналған табақтар (қабатты сүректі бөлуден алынғандарды қоса алғанда) және ұзына бойы арамен кесілген, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, ұштары жалғанған немесе жалғанбаған, қалындығы 6 мм-ден аспайтын басқа да ағаш материалдар | 4408-ден |
| 11. | Бояумен, улағыштармен, антисептикпен және басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа бөшкелер, кішкене бөшкелер, үлкен қубілер, қубілер мен өзге де бөшкелік бұйымдар және қалақты қоса алғанда сүректен жасалған олардың бөліктепі | 4416 00 000 0-ден |
| 12. | Бояумен, улағыштармен, антисептикпен және басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа терезе, балкон есіктері мен олардың жақтаулары | 4418 10-нан |
| 13. | Бояумен, улағыштармен, антисептикпен және басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа есіктер және олардың жақтаулары мен босағалары | 4418 20-дан |
| 14. | Бояумен, улағыштармен, антисептикпен және басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа жабындық гонт пен қиынды ағаш | 4418 50 000 0-ден |
| 15. | Бояумен, улағыштармен, антисептикпен және басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа тоқуға арналған материалдардан жасалған, жолақтарға немесе ленталарға жалғасқан немесе жалғаспаған, тоқылған және осыған үкссас бұйымдар; бояумен, улағыштармен, антисептикпен және басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа өсімдік материалдарынан жасалған кілемшелер, шилер, керме шымылдықтар | 4601-ден |
| 16. | Бояумен, улағыштармен, антисептикпен және басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа тікелей нысан бойынша тоқуға арналған материалдардан дайындалған себеттік, тоқыма және өзге де бұйымдар; бояумен, улағыштармен, антисептикпен және басқа да консерванттармен өнделгендерден басқа сәнқауақтан жасалған бұйымдар | 4602-ден |
| 17. | Гофрленген, перфорацияланған немесе перфорацияланбаған қағаз және картон | 4808 10 000 0 |
| 18. | Гофрленген қағаздан немесе гофрленген картоннан жасалған жәшіктер мен қораптар | 4819 10 000 0-ден |

Ағаш, орама және бекітпе материалдары карантиндік объектілерінің тізбесі:

Зиянкестер (Insecta):

Ақ жиекті қоңыз - *pantomorus leucoloma* Boh., капр қоңызы - *trogoderma granarium* (Ev.).

Арамшөп өсімдіктері (арамшөптер) (Ruderais, herba):

Жусан жапырақты ойраншөп - *ambrosia artemisiifolia* (L.), көп жылдық ойраншөп - *ambrosia psilostachya* (D.C.), қолтықты аюбадана - *iva axillaries* Pursh, жатаған уекекіре - *acropitilon repens* (D.C), тікенекті алқа - *solanum rostratum* Dun., салалы жапырақты алқа - *solanum elaeagnifolium* Cav, стригалар - *striga* sp. Sp, арам сояулар - *cuscuta* sp. sp, сирек гүлді ценхрус - *cenchrus pauciflorus* Benth, түкті итошаған - *bidens pilosa* L.

2. Азиядан (Түрікменстан, Ауғанстан, Бангладеш, Бахрейн, Бирма, Бутан, Бруней, Қырғызстан, Кувейт, Өзбекстан, Тәжікстан, Пәкістан, Шығыс Тимор, Вьетнам, Гонконг, Индонезия, Иордания,

Камбоджа, Кампучия, Кипр, Лаос, Ливан, Малайзия, Мьянма, Сингапур, Таиланд, Филиппины, Корея Халықтық Демократиялық Республикасы, Корея Республикасы, Монголия, Тайвань, Жапония, Турция, Сауд Арабиясы, Сирия, Израиль, Оман, Йемен Араб Республикасы, Йемен Халықтық Демократиялық Республикасы, Иран, Ирак, Ундастан, Мальдивы, Непал, Шри-Ланка)

1) дәнді, дәнді-бұршақты, майлар, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің тізбесі, тұқымдық және отырғызу материалы (Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды):

| P/H № | Атауы | Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды |
|-------|---|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Жаңа піскен немесе кептірілген, қауызынан аршылған немесе аршылмаған, қабығымен немесе қабықсыз кокос жаңғақтары, бразилиялық жаңғақтар және кешью жаңғақтары | 0801 |
| 2. | Жаңа піскен немесе кептірілген, қауызынан аршылған немесе аршылмаған, қабығымен немесе қабықсыз басқа да жаңғақтар | 0802 |
| 3. | Күріш | 1006 |
| 4. | Куырылмаған немесе басқа да тәсілдермен дайындалмаған, аршылған немесе аршылмаған, ұнтақталған немесе ұнтақталмаған жержанғақ | 1202 |
| 5. | Қара бидай | 1002 |
| 6. | Арпа | 1003 |
| 7. | Сұлы | 1004 |
| 8. | Жүгері | 1005 |
| 9. | Дәнді құмай | 1007 |
| 10. | Қарақұмық, тары және субидайықтың тұқымдары; өзге де дақылдар | 1008 |
| 11. | Бидай немесе қара бидай ұны | 1101 00 |
| 12. | Бидайдан немесе қара бидайдан басқа өзге де дақылдар дәндерінен алынған ұн | 1102 |
| 13. | Дақылдар дәндерінен алынған жарма, ірі тартылған ұн және түйіршіктер | 1103 |
| 14. | 1006 тауарлық позициядағы күрішті қоспағанда, басқа да тәсілдермен өнделген дақылдар дәні (мысалы, қауызынан аршылған, жанышталған, үлпектерге қайта өнделген, жарма түрінде түйілген немесе ұнтақталған); бүтін, үлпектер түрінде жанышталған немесе тартылған дақылдар дәнінің ұрықтары | 1104 |
| 15. | Майда және ірі тартылған ұн мен 0713 тауарлық позициядағы кептірілген бұршақ тұқымдас көкөністерден алынған ұнтақ | 1106 10 000 0 |
| 16. | Куырылған немесе қуырылмаған мия | 1107 |
| 17. | Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған қытайбұршақ бұршақбастары | 1201 00 |
| 18. | Копра | 1203 00 000 0 |
| 19. | Ұнтақталған немесе ұнтақталмалған зығыр тұқымдары | 1204 00 |
| 20. | Ұнтақталған немесе ұнтақталмалған рапс немесе колъза тұқымдары | 1205 |

| | | |
|-----|--|--|
| 21. | Ұнтақталған немесе ұнтақталмалған күнбағыс тұқымдары | 1206 00 |
| 22. | Ұнтақталған немесе ұнтақталмалған өзге де майлы дақылдардың тұқымдары мен жемістері | 1207 |
| 23. | Қыша тұқымдарынан басқа, майлы дақылдар тұқымдарынан немесе жемістерінен алынған майды немесе ірі тартылған ұн | 1208 |
| 24. | Егіске арналған тұқымдар, жемістер және споралар | 1209 |
| 25. | Өріктердің, шабдалылардың (оның ішінде нектариндер) немесе қара өріктердің сүйекшелері мен олардың дәндери; <i>Cichorium intybus sativum</i> түріндегі шашыратқының тамырлары | 1212 99 950 0-ден 1212 94 000 0-ден |
| 26. | Кофеинді немесе кофеинсіз қуырылмаған кофе | 0901 11 000-ден 0901 12 000-ден |
| 27. | Бүтін немесе ұнтақталған, шикі немесе қуырылған какао-бұршақтар | 1801 00 000 0 |
| 28. | Тұтынушылық орамаға өлшеніп салынғаннан басқа кофеинді қуырылған кофе | 0901 21 000-ден |
| 29. | Тұтынушылық орамаға өлшеніп салынғаннан басқа кофеинсіз қуырылған кофе | 0901 22 000-ден |
| 30. | Кофенің қауызы және кофе дәнінің қабықтары | 0901 90 100 0 |
| 31. | Егіске арналған будандық қант жүгерісі (<i>Zea mays var. saccharata</i>) | 0712 90 110 0 |
| 32. | Кептірілген, аршылған, тұқым қабығынан тазартылған немесе тазартылмаған, уатылған немесе уатылмаған бұршақ тұқымдас көкөністер | 0713 |
| 33. | Түйіршіктелмеген тарна, жапырақты қызылша (мангольд), азықтық тамыржемістілер, пішен, жоңышқа, беде, эспарцет, азықтық қырыққабат, бөрібұршақ, сиыржоңышқа және осыларға үқсас азықтық өнімдер | 1214-тен |
| 34. | Дәнді дақылдардың түйіршік түріндегілерден басқа өндөлмеген, ұсатылған немесе ұсатылмаған, тартылған немесе тартылмаған, нығыздалған сабаны мен топаны | 1213 00 000 0-ден |

Дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдар мен оларды қайта өндөу өнімдері, тұқымдық және отырғызу материалы карантиндік объектілерінің тізбесі:

Зиянкестер (Insecta):

Капр қоңызы – *trogoderma granarium* (Ev.), қытай дән қоңызы – *callosobruchus chinensis* L., төртнүктелі дән қоңызы – *callosobruchus maculates* F., азиялық көп қоректі дән қоңызы – *callosobruchus analis* L.

Өсімдік ауруларын қоздырғыштар (Fungi):

Күріштің бактериялы күйігі – *xanthomonas oryzae* pv. *oryzae* (Ishiyama) Swings et al, жүгері диплодиозы – *diplodia macrospora* Earle, *diplodia frumenti* (Ellet Ev), оңтүстік жүгері гельминтоспориозы – *cochliobolus heterostrophus* Drechsler, бидайдың үнді қара күйесі – *tilletia indica* Mitra, күріш жолақты дағы – *xanthomonas oryzae* pv. *oryzicola* (Fang et al) Swings et al, бидайдың шырышты бактериозы – *clavibacter tritici* (Carls et Vidav) Davis, күнбағыс фомопсисы – *phomopsis helianthi* Munt. Cvet. et al.

Арамшөп өсімдіктері (арамшөптер) (Ruderais, herba):

Жусан жапырақты ойраншөп – *ambrosia artemisiifolia* (L.), үш бөлікті ойраншөп – *ambrosia trifida* L, арам сояулар – *cuscuta* sp. sp, стригалар – *striga* sp. Sp, сирек гүлді ценхруслар – *cenchrus pauciflorus* Benth, жатаған уекекіре – *acropiton repens* (D.C.), тікенекті алқа – *solanum rostratum* Dun., масаты тектес шырмауық – *ipomoea hederacea* L, шұңқырлы шырмауық гүл –

ipomoea lacunosa L, түкті итошаған - *bidens pilosa* L.

2) жеміс, көкөніс, жеміс-жидек, картоп тізбесі (Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды):

| P/H № | Атауы | Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша өнімнің коды |
|----------|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Жаңа піскен немесе тоңазытылған картоп | 0701 |
| 2. | Жаңа піскен немесе тоңазытылған қызанақтар | 0702 00 000 |
| 3. | Жаңа піскен немесе тоңазытылған басты пияз, шалот пиязы, сарымсақ, порей пиязы және басқа да пиязшық көкөністер | 0703 |
| 4. | Жаңа піскен немесе тоңазытылған қауданды қырыққабат, тұсті қырыққабат, кольраби, жапырақты қырыққабат және осыған үқсас <i>Brassica</i> текстес, жеуге жарамды көкөністер | 0704 |
| 5. | Жаңа піскен немесе тоңазытылған ақ сүттіген (<i>Lactuca sativa</i>) мен шашыратқы (<i>Cichorium spp.</i>) | 0705 |
